ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2023 жылғы 18 қазан № 7527-23-00-2/10719 Алматы қаласы

Алматы каласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов сот ғимаратында талап арыз бойынша азаматтық істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараған

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы қаласы Білім басқармасының «№74 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
ЖАУАПКЕР:
«Шыңғысхан» жеке кәсіпкері
ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:

ҚР АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы қаласы Білім басқармасының «№74 бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Шыңғысхан» жеке кәсіпкері 2023 жылғы 25 шілдедегі № 50 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Шыңғысхан» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 18.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Утепов К. Т., 04.12.2023

Судья **К.Т.Өтепов**

Сот өндірісі

Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 18.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Утепов К. Т., 04.12.2023

7527-23-3-1/13403